



БЕКІТЕМІН:

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім белімнің
«№9-пәннегі» директоры
Ш.М. Ескендерірова
«01 09 2022 ж

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 06.10.2020 жылғы №365-VI Заңына сәйкес «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тарау 12-тармағындағы толықтыру, комплаенс қызметтердің функцияларын орындайтын өзгерістер негізінде

Лауазымдық нұсқау

Жалпы ереже

- 1.1. Комплаенс-қызметіне жауапты тұлға өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжарттарына сәйкес жүзеге асырады.
- 1.2. Мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.
- 1.3. Міндетті реттеуші талаптардың соның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылды сақтауды қамтамасыз ету;
- 1.4. Барлық қызметкерлер арасында шынайылықты, адалдықты қамтамасыз ететін және үздік стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдай туғызатын Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы бастамалар, іс-кимылдар шенберінде құрылған;
- 1.5. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар қуқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

2. Функциялар

- 2.1. квазимемлекеттік сектор субъектінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2.2. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
- 2.3. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 2.4. мұдделер қактығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 2.5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 2.6. корпоративтік әдеп құныдылықтарын дамыту;

2.7.квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;

2.8.«Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-коғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

2.9.сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

2.10.сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

3. Дауазымдық міндеттер

3.1.Лицейде сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қымыл мәселелері болдырмау;

3.2.Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғыру;

3.3.Сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қымыл және сыйбайлас жемқорлыққа қары мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4. Жауапкершілік

4.1. Комплаенс-қызметкер өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Енбек кодексіне, Жарғыга, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжарттарына сәйкес жүзеге асырады

4.2. Мектеп ішіндегі Ережелер мен Жарғыларын, мектеп әкімшілігінің заңдық шешімдерін, бұйрықтарын, нормативтік акттар, қызметтік міндет, осы Нұсқау, құқықтарын себепсіз орынданғаны, қолданбағаны үшін, енбек заңының анықтамасына сәйкес дисциплинарлық жауапкершілікке тартылады.

4.3 Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қымыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

Нұсқаумен таныстым

Асарова А.Т.